

Қамқоршылық кеңесі отырысының  
хаттамасы №4

О.Әлібаев ЖББМ

26.03.2022 ж.

сар.10<sup>м</sup>

Торайымы: Ибраева А (ата-ана)

Хатшы: Д.Ауданбай (әлеуметтік педагог)

Қатысқандар: Алли Д.Г - мектеп директоры, Н.Абикенов – оқу ісін орынбасары., Желибаева Н.Б – тәрбие ісін орынбасары.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-

Күржікова А.К (ата-ана)

Оспанова Г (ата-ана)

Жанпейісова Б.С (ата-ана)

Байбагісова И (ата-ана)

Кожамуратова Ж (ата-ана)

Исатаев О.К (шаруа қожалық несі, ата-ана)

Махатова А (ата-ана)

Бекмаханова Ж (ата-ана)

Күн тәртібіне:

1. 2021 -2022 оқу жылындағы мектептен тыс жұмыстардың ұйымдастырылуы.

Н.Б.Желибаева

2. Мектептің білім сапасын көтеруге бағытталған жұмыстар.

Н.Абикенов

Тыңдалды:

Сөйлеуі 1.1: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Н.Б.Желибаева

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Б. Желибаева сөз алып, биылғы оқу жылында мектептен тыс жұмыстарға тоқталды. Мектептен тыс «Әкелер», «Аналар», «Адал ұрпақ» клубтарының жұмыстарының ықпалы және де арнайы жүргізілетін облыстық жобалар аясында жоспарға сай ұйымдастырылған жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар таңдау пәндері, үйірме жұмыстары, облыстық байқаулар өз деңгейінде түрлі іс-шаралар өткізіп жатқандықтан мектептің дамуы, оқушылардың бос уақытының дұрыс ұйымдастырылуы, өзара байланыстың нығайтуы ілгерілеуде.

Сөйлеуі 1.2: оқу ісін орынбасары- Н.Абикенов

2021-2022 оқу жылының қазан айынан бастап мектебімізде ҚО ББД ОӘО басшылығымен "Бірге оқимыз" инновациялық жобасы аясында жылдық жұмыс жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілуде. Жобаның басты мақсаты-педагогтердің кәсіби құдіреттіліктерін арттыру және әдістемелік қолдау көрсету. Осы орайда мектебіміздің педагогтерін өздерінің педагогикалық іс-тәжірибесімен алмасуы үшін воркшоптарды ұйымдастырып өткізуге ынталандыру міндеті алға қойылды. Жобаның мақсат-міндеттері жоспарлы түрде жүзеге асуда. Өткізілген воркшоптар арқылы педагогтеріміз өздерінің үздік іс-тәжірибелерімен бөлісті. Қашықтықтан оқыту жағдайында қолдануға болатын көптеген онлайн қосымшалар, платформалар таныстырылады. Өткізілген воркшоптар бойынша толық ақпарат фейсбук әлеуметтік желісінде жүйелі түрде жарияланып отырады. Таңдау пәндері арқылы оқушылардың білім деңгейіне бақылау жасау, қызығушылықтарын ояту көзделген. Магниттік мектептермен іс- тәжірибе бөлісу, тарату мақсатында ұстаздар мен оқушылар, мектептер арасында байланыс орната отырып, нәтижеге қол жеткізу көзделеді.

Сөйлеуі 2.1: Н.Абикенов-оқу ісін орынбасары

Мектептің білім сапасын арттыру мақсатында «Зейін», «Оқуға құштар мектеп», «Бірге оқимыз» жобалары қолға алынып, жұмыстар атқарылууда. Сонымен қатар пәндік олимпиадалар, ғылыми жоба әзірлеу жұмыстары қолға алынып атқарылууда. Оқушылар түрлі зияткерлік олимпиадаға қатысып, білімдерін шыңдауда.

Сөз алғандар: Бекмаханова Ж (ата-ана)

Мектептен тыс жұмыстар жұмыстар жүйелі жоспарлы түрде жүргізіліп отырады. Әр жұмысқа, іс-шараға ата-аналар тарапынан қолдау көрсете отырып оқушыларымызды қатыстырып, белсенділігін арттырсақ, мектептің дамуына ықпал етеміз.

Қаулы етіледі:

1. Мектептен тыс жұмыстар бойынша ата-аналарды ақпараттандыруға атсалыса отырып, үлес қосу кеңес мүшелеріне міндеттелінісін.
2. Мектептің білім сапасын көтеруге, жүйелі жұмыстардың атқарылуына ықпал ете отырып, нәтижеге бағытталған жұмыстар атқару кеңес мүшелеріне жүктелсін.

Кеңес мүшелері:

Күржікова А.К

Кожамуратова Ж

Исатаев О.К

Оспанова Г.М

Махатова А

Бекмаханова Ж

Жанпейісова Б.С

Байбагісова И

Торайымы:

Хатшы:

А.Ибраева

Д.Ауданбай

